

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ӘОЖ 93/94

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Алдабергенова Назерке Ганиматовна

nazerke_aldabergenova00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Көшенова Ғ.И.

Отандық тарих ғылымында көлемді орын алған тақырыптардың бірі – Алаш тарихы. Отандық және шетелдік тарихшылардың зерттеулеріндегі Алаш қозғалысының қалыптасу тарихы мен дамуы, бағдарламалық ұстанымдары, көтерген ел проблемалары мен оған жетудегі күрес жолы бойынша жарияланған еңбектерді талдап, тарихнамалық деңгейін құру қазіргі ұрпақтың мақсаты. Кеңес өкіметі кезінде қазақ жерін әрі қарай отарлауға мүмкіндік бермеген алашордашылардың сол тұстардағы тарихнамасы билік тапсырысымен жазылғандықтан кері пікір қалыптасқаны белгілі. Тәуелсіз тарихымызды жазудағы негізі міндеттердің бірі, сол зерттеулерді сараптау мақсатында, Алаш қозғалысына жаңа көзқарас қалыптастыру қажет.

Алаш қозғалысының зерттелу тарихын негізгі 3 бөлікке бөлуге болады: Кеңестік билік кезеңіндегі Алаш тарихнамасы, Алаш қозғалысы отандық тарихнамада және шетелдік тарихнамада.

Алаш тарихы көп жылдар бойы тыйым салынған тақырыптардың бірі болды. Билік ауысқанымен, билік басына келген саяси күштердің жоспарларына пікірлері қарама-қайшы болған алашордалықтар халық санасынан мүлдем жойылуы тиіс еді. Мемлекеттік Думаға әртүрлі жолдар арқылы сайлана отырып, көкейкесті мәселелерді көтергендіктен қудаланған қазақ зиялылары, кеңес өкіметі орнаған тұста да саяси қуғындалды. Ф. Голощекин Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылығына келген кезден бастап «Алаш» деген атқа қатысы бар өнер, ғылым, мәдениеттің түрлі салаларында халық үшін жемісті еңбек етіп жүрген барлық қазақ зиялыларының соңына түсіп, қудалай бастады. Қазақ халқына қарсы жасалған геноцидтік саясатын іске асыру үшін Голощекин 20-шы жылдардың өзінде жекелеген қызметкерлерге алаштың «контрреволюциялық ұлтшылдық мәнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға арнайы тапсырмалар береді. Сондай тапсырма алған республика мемлекеттік баспаның директоры А.К. Богачов «Алашорда» [1] деген кітапша жазып, онда Алашты бастан-аяқ қаралап шығады.

«Алаш» жөнінде құжаттар жинағын жазған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің насихат бөлімінің меңгерушісі Николай Мартыненко «Алаш» жинағына енгізді [2]. «Алаш» партиясы бағдарламасының орыс тіліне А. Кенжин аударған, түпнұсқаға жақын нұсқа бола тұра, сапасыз аударма түпнұсқасын енгізген жинақ, Алаш партиясының бағдарламасы, мүшелерінің қызметі мен назар аударған негізгі мәселелерін көтерген жинақ болды. Кейіннен бұл нұсқа шетелдік басылымдарға да енді. Богачов пен Мартыненко еңбектері шыққан тұста, Алаш зиялыларын қудалап, сотқа тарту ісі қатар жүрді. Бұл еңбектер Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қайта басылып шықты.

БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының ұйымдастыруымен 1933 жылдың желтоқсанында өткен «Алашорда және Алаш партиясы тарихына» арналған пікір-сайыста институт қызметкерлері С. Брайнин мен Ш. Шафиरो «Алашорданың тарихи рөлі» деген баяндама жасады. 1935 жылы екеуінің авторлығымен «Алашорда тарихы бойынша очерктер» [3] деген кітабын жарыққа шықты.

Аталған еңбектер «Правда» газетінде (1935 жылы 14 сәуір) жарияланып. П. Русановтың

«Алашординская контрабанда» мақаласына орай БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитеті 1935 жылы 15 сәуірде пленум өткізіп, «контрреволюциялық ұлтшылдық идеологияны таратуға қызмет етуіне» байланысты «Алаш» атауын пайдаланудан шұғыл алып тастауға қаулы қабылдады. Осылай, 1989 жылдың шілде айына дейін «Алашты» айтуға тиым салынады.

1934 жылдары жазылған Б. Қаратаевтың «Краткий очерк истории Алашорды» атты қолжазбасы, 1935 жылдары жазылған Ә. Әйтиевтің естеліктері, 1936 жылы жарық көрген «Из истории партийного строительства в Казахстане» деп аталатын құжаттар мен мақалалар жинағы шықты. І. Қабыловтың «Сосредоточить огонь против казахского национализма» мақаласы, БК(б)П Ақтөбе облыстық комитетінің хатшысы қызметінде болған А. Мусиннің партия активтеріне арналған «Об истоках национал-уклонизма в Казахстане» атты лекциясындағы мәліметтер және т.б. осы сияқты зерттеулер мен мақалалардың көпшілігі Алаш қозғалысына қатысты мәселелердің анық-қанығына көз жеткізбестен, «контрреволюциялық әрекеттер жасады» деп айыпталған қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауын ғылыми негіздеуге бағытталды. Сөйтіп, олар кеңестік тарихнамаға қызмет етті.

XX ғасырдың 40 жж. бастап Алаш зиялылары саяси қуғындалып, атылып кеткеннен кейін кеңестік тарихнамада Алаш зиялылары туралы мүлдем тыйым салынды.

1950-1960 жылдары жарық көрген Т. Елеуовтың, Ж. Қарагусовтың, К. Бейсембиевтің, С. Кенжебаевтың зерттеу еңбектері мен Қазан төңкерісі және Азамат соғысына арналған мақалалар мен құжаттар жинақтарында Алаш қозғалысының сол ескі сарындағы (20-30 жылдардағы) көзқарастар тұрғысынан бағалады.

Кешегі таптық саясат келмеске кетті десек те, кеңестік саясат пен кеңестер билігі бүгіндері ұлттық тұрғыдан қайта жазылуы керек. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихында ұлт зиялыларының саяси қызметтері қайтадан жазыла бастады. Бұл - құптарлық жайт. Болашақ ұлт бірлігі, мемлекет тұтастығы қазақ қоғамының болуында десек, қоғамның бірлігі ұлт өкілдерінің саяси танымының, біліктілігінің болуына байланысты.

Алаш тарихы шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде

1930-1990 жж. Қазақстан тарихында Алаштың шынайы рөлін сомдауға тиым салып жатқанда, шетелдік ғалымдар бұл мәселе төңірегінде бірқатар еңбектер жазды. Соның бірі – ағылшын тарихшысы У. Коларцтың «Россия және оның отарлары» деген еңбегі (1953 ж. Лондонда шықты). Бұл еңбекте халық мүддесіне жат большевиктердің «жеңісі» Қазақстандағы Алашорда, Түркістандағы Шура-Ислами, Азербайжандағы мусаватистер сияқты күштердің көзін құрту арқылы ғана мүмкін болды деп жазады. Бұл проблема Қазақстанда зерттелмесе де, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Солардың бірі ағылшын тарихшысы, батыстық советология мектебінің классиктерінің бірі Э. Карр 1952 жылы ағылшын тілінде 14 томнан тұратын еңбегін жариялайды. Оның I – II томдары «История советской России. Большевицкая революция. 1917-1923 годы» деп аталады. Осында автор кеңестік билік жүйесін, оның ұлт аймақтарында зорлықпен іске асып жатқан саясатын көрсетеді. Сонымен бірге еңбекте қазақ интеллигенциясының қарсылықтары туралы жазылады.

Лондон университетінің профессоры Х.Сетон-Уотсонның «Жаңартылған империализм» атты еңбегі 1961 ж. жарық көрді. Бұл кітапта Алашорда қайраткерлері және олардың Кеңес үкіметімен қарым-қатынасы туралы жазылды. Сонымен қатар Гувер институтының аға ғылыми қызметкері Р. Конквестің 1962 ж. Лондонда «Соңғы империя» деген еңбегінде демократиялық және автономиялық республика құруға ұмтылған қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 ж. 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен съезінде «Алаш орда» атты өз үкіметін құрды. 1918 ж. 17 қаңтарда большевиктер әскерлері қалаға басып кірді, сонымен, тәуелсіз қазақ мемлекеті қысқа ғана өмір сүрді деп жазды.

Алаштануға арналған тарихнамалық зерттеулер 80 жж. ортасынан бастап шыға бастаса да, оның көпшілігі шетелде басылды. П.П. Галузо «Туркестан - колония» (Оксфорд, 1986), А.Исхаки «Идель-Урал» (Оксфорд, 1988), М.Э. Расул-Заде «О пантуркизме» (Оксфорд, 1985), Т.Рыскулов және Г.И.Бройдо «Восстание казахов и киргизов в 1916 году» (Оксфорд, 1989),

«Казахи о русских до 1917 года. А.Букейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсын, Т.Рысқұлов» деген жинақтар 1985 ж. Оксфордта шықты, «Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции» (Оксфорд,1987), «Програмные документы мусульманских политических партий 1917-1920 гг.» (Оксфорд, 1985), «М.С. Султан-Галиев. Статьи» (Оксфорд, 1984) тағы басқа еңбектер жарық көрді.

Солардың ішінде ерекше атап өтетін Марта Брилл Олкотт жазған «Казахи» атты кешенді еңбектің тарихнамалық мәні жоғары. Ол 1987 ж. Оксфордта шықты. Бұл еңбекте өте мол тарихи деректер, концептуалдық мәселелер қамтылған. Басылымда ұлттық интеллигенцияның «Бірлік» (Омбы, 1916), «Еркін дала» (Орынбор, 1916) тәрізді жастар ұйымдарының пайда бола бастауы, II Бүкілқазақ съезі және оның жұмысына қатысқандар, Алашорда үкіметі және осындағы Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт өкілдерінің саяси қызметі баяндалған. Зерттеушінің Қазақстан тарихына қатысты «Казахи. Серия: исследования о народах СССР», «Казахстан: непройденный путь» деп аталатын еңбектері де бар.

М. Б. Олкотт XX ғасырдың 20 жж. жағдайды «1917 жылғы ақпан революциясы туралы хабарды қоғамның барлық жіктері қошеметпен қарсы алды. Бұл оқиға жаңа дәуірдің басталғанының белгісіндей, оның ішінде қазақ халқының наразылығы ашық тыңдалып бұрынғы теріс саясат оңала түсетіндей көрінді. Қазақтар Уақытша үкіметті қолдады және көптеген оқыған жастары қазақтың ұлттық - Алашорда партиясын қолдай отырып, Петроградта өкілдікке ие болып, өздерінің мүддесіне сәйкес жұмыстар жүргізді. Уақытша үкімет те құлатылып, большевиктер демократиялық жолмен сайланған конституциялық Құрылтай жиналысын аяққа таптағаннан кейін олардың алып-қашпа көңілі бәсеңсіді. Қазақтардың басым көпшілігі жаңа большевиктік режимді қолдаудың қиын екенін түсініп оның орнына Алашорда автономиялық үкіметін құру жолын таңдайды» деп суреттейді [4].

Алаш тарихы бойынша жапон ғалымдарының зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады. Соның бірі Томохико Уяма 1992 жылы «XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенттерінің дүниетанымы: М. Дулатовтың Оян, қазақ!» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Нихон университетінің белгілі ғалымы, профессор Шуичи Ито А. Байтұрсыновтың «Революция және қырғыздар» мақаласын талдай отырып, оның қазақ қоғамын жаңғырту мәселелері бойынша негізгі ұстанымдарын Сунь Ятсеннің «халықтың әл-ауқатының принциптерімен» салыстырады. Зерттеуші А. Байтұрсынов Қытай қайраткері сияқты Тәуелсіздік пен өзін-өзі басқару үшін ерекше жолды іздеуде шамамен бір позицияны ұстағанын атап өтті.

Алаш тарихы отандық зерттеулерде

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап Алаштану мәселесін алғашқылар болып зерттеуді К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Д. Аманжолова және Т. Омарбеков, Т. Кәкішев, С. Аққұлыұлы, А. Сармурзин, М. Құл-Мұхаммед, Т. Жұртбай және т.б. зерттеп келеді.

Монографиялық зерттеулер жасау тарихнамадағы жаңа сапалы кезенді, осы проблеманы куәландырады. Олар ұлт-азаттық қозғалыс тарихының жаңа тәсілдерін, қоғам дамуының өзгермелі кезеңдеріндегі қазақ зиялыларының рөлі мен орнын білдіреді. Бұл жұмыстардың қатарына К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» (Алматы, 1995 ж.); М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» (Алматы, 1996 ж.); Д. А. Аманжолованың «Қазақ автономизмі және Ресей. Алаш қозғалысының тарихы» (1994);

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің шын тарихы тек Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жаңаша парадигма негізінде зерттеле бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, тарихымыздың осы мәселесін зерттеуге бет бұрған тарихшы ғалымдардың бірі Мәмбет Қойгелдиев болды. Алаштанушы, тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясы және «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры» еңбектері бар. «Алаш өкілдерінің осы аралықтағы ұстанған позициясы мен көздеген мақсаты біреу, ол мақсат қазақ қоғамын ояту, халқын, жұртын тәуелсіздікке үндеу болатын» [5] деген тұжырымы да орынды. М. Қойгелдиевтің тұжырымы бойынша - «сол

тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарыстан өркениетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірибе көрсеткендей, большевиктер ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Себебі алаштық интеллигенция ұсынған жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді».

Академик Манаш Қозыбаев болды. 1992 жылы М. Қозыбаевтың осы тақырыпқа және Қазақстан тарихының басқа да өзекті мәселелеріне арналған «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегі жарық көрді. Осы еңбектің «Тарихтың ащы сабағы» дейтін мақаласы аталмыш мәселеге арналған. Академиктің пікірінше И. Сталин кезіндегі жеке басқа табынушылық идеологиясының әсерінен тарихшылар «Алашорда» қозғалысын арнайы зерттеген емес, Ресейдегі үш төңкеріс кезіндегі қазақ зиялыларының Алаш қозғалысына саяси топталуы кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым ретінде беріліп, оларға «ұлтшыл», пиғылдағы «зиялылар» дейтін айдар тағылды. М. Қозыбаев пікірінше, «Алаш» - қазақ халқының ежелгі атауы. Ендеше, Алаш қозғалысы - ұлт-азаттық қозғалысы. Осылайша М. Қозыбаев «Алаш» қозғалысын ұлт-азаттық қозғалысқа теңеп, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс тек таза пролетарлық қозғалысы болуы мүмкін еместігін, бұл қозғалыс ортағасырлықтан буржуазиялық демократияға төңкерісінен кейін қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысының туын жоғары байқуатты отбасылардан шыққан, оқыған, зиялы қауымның саяси аренаға көтергенін жазады. Ол бұл күрделі мәселені ескі, ұлыдержавалық мүдде тұрғысынан емес, ұлттық ерекшеліктер мен мүддеге, жалпы адамзаттық қасиеттерге негізделген жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде зерттеуді меңзейді [6]. М. Қозыбаев «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын және бүкілодақтық екінші съездің құжаттарын талдай келіп, партияны ұлтшыл саяси ұйым деп айыптаудың негізсіз екендігін дәлелдеп берді.

Қазақ мемлекеттігін жаңғырту жолында күрес жүргізген Алаш қозғалысы туралы жазылған іргелі зерттеу Кеңес Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» атты монографиясы. К. Нұрпейісов Алаш қозғалысы бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым екендігін, бұл ұғымға біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) кіретіндігін жазады [7].

Дина Аманжолованың «Казахский автономизм в России. История движения Алаш», Р. Нұрмағанбетованың «Проблемы Алаш и Алашорды в казахстанской историографии 20-90 годов XX века» еңбектерін бөліп көрсеткен жөн. Бұларда Алаш қозғалысы тарихын зерттеудегі жетістіктерімен қатар, әлі де назардан тыс қалып келе жатқан мәселелер кеңінен талданды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарихының тарихнамасына байланысты еңбектер шыға бастады. Т. Омарбеков «Алаш» қайраткерлерінің негізгі мақсаттары қазақ елін отарлық езгіден азат ету және қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму жолына алып шығу болғандықтан, «Алаш» партиясын «Ұлттық демократиялық партия» деп атады [8]. Алаш тақырыбына арнайы мұрағат материалдар негізінде кешенді еңбек жазған автордың бірі де Талас Омарбеков. Оның «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» атты оқу құралының маңызы өте жоғары. Бұл еңбекте Алаш азаматтарын айыптау, қудалау тарихын нақты құжаттар негізінде жан-жақты ашып көрсеткен.

Әлихан Бөкейханның 150-жылдығы және «Алаш» қозғалысының 100 жылдығына орай өте мол мұрағат деректерге негізделген зерттеулер басылып шықты және осыған орай өткізілген республикалық, халықаралық конференциялардың және «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» жалпы ұлттық байқаудың материалдары жарық көрді. Тұрсын Жұртбайдың «Боль моя, гордость моя - Алаш» атты III томдық монографиясы екі тілде 2016 жылы жарық көрді [9]. ІХК (Ішкі істер халық комиссариаты), МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) мұрағаттарда сақталған құжаттар негізінде жазылған. Ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің «Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы» атты мақаласында 1917 ж. «Алаш» партиясы құрылу

арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған біртұтас Алаш идеясының пайда болғанын жазады.

Алаш зиялылары жалпы Алашорда тарихына қатысты деректер тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жарық көре бастады. Сондай алғашқы деректік рөл атқаратын жинақтар кітап болып басылып шыққан «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын айтуға болады. Аталған мерзімді басылымдардың жарық көруіне үлкен еңбек сіңірген, жинақтарды құрастырушы ғалымдар Ү.Субханбердинаның, С. Дәуітовтың, Қ. Саховтардың Қазақстан тарихында алатын орындары жоғары.

Ал 1990-шы жылдардан бастап Алаш зиялыларының еңбектері жеке жинақ болып шыға бастады. Мысалы: 1998 жылы Мұстафа Шоқайдың таңдамалы шығармаларының II томдығы шықты, Ахмет Байтұрсынұлының V томдық шығармалары, Сұлтанхан Жүсіп Аққұлұлы құрастыруымен Әлихан Бөкейханның XV томдық шығармалары 2016 жылы және т.б. Алаш зиялыларының еңбектері жарық көрді. Бұл жинақтар да деректердің бір тобын құрайды.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ұстаздары да XX ғасырдың басындағы зиялы қауым тақырыбымен, оның ішінде Алаш мәселесімен де айналысып келеді. Монографиялар мен оқу құралдары жазылып, Алашордашылар көтерген мәселелер насихатталып отыр. Университет ғалымдарының еңбектері арасында Н.А. Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова мен Қ.С. Өскембаевтың «Алаш» қозғалысының тарихы» оқу құралын ерекше атап өту керек. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметі жайлы жазылған оқу құралы, диплом жұмысын жазудағы негізгі ұстанымдарды айқындаған еңбектердің бірі болды.

Қорыта келе, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі турасындағы тақырыптар бір кездері жабық болғаны белгілі. Соңғы 10-15 жылдың ішінде отандық ғылымда Алаш тақырыбы біршама игерілді. Алаш идеясы, Алаш тақырыбы еліміздің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық болып қала беру керек. Алаш зиялыларының бейнесі де, олардың шығармаларының оқылуы, насихатталуы, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиіуі керек. Себебі, алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Бочагов, А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. - Кызыл-Орда: Госиздат КССР, 1927. - 56 с.
2. Мартыненко Н. Алаш Орда: сборник документов. - Алма-Ата: Айқап, 1992. - 192 с.
3. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. - Алма-Ата; Москва: Казахст. краев. изд-во, 1935. - 148 с.
4. Olcott M. B. The Kazakhs: 2nd ed. — Stanford: Hoover Univ. Press, 1995.
5. Койгельдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
6. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алма-Ата, 1992. - 161-б.
7. Нурпейсов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алма-Ата, 1995. - 255 с.
8. Омарбеков Т. Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат // Егемен Қазақстан. – 1995.
9. Журтбай Т. Боль моя, гордость моя - Алаш!: трилогия / Т. Журтбай. - Астана: Аударма, 2016. - 1100 с.

ӘОЖ 93/94

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алдонғаров Әлішер Қамалханұлы

alashdynbalasy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

II курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - Көшенова Ғ.И.